

Дереккөз: "ПАРАГРАФ" ақпараттық жүйесі

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, отырыстың 2019 жылғы 3 қазандағы № 09/2019 хаттамасы) (26.08.2021 ж. өзгерістерімен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыстағы. Күні: 03.10.2019 ж.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»
03.10.2019 ж. № 09/2019 хаттамаға
№ 29 қосымша

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Ішкі аудит қызметі туралы
ереже
(26.08.2021 ж. өзгерістерімен)**

МАЗМҰНЫ

- [§ 1. Жалпы ережелер](#)
- [§ 2. ІАҚ ұйымдық мәртебесі](#)
- [§ 3. ІАҚ миссиясы мен мақсаттары](#)
- [§ 4. ІАҚ міндеттері мен функциялары](#)
- [§ 5. ІАҚ міндеттері](#)
- [§ 6. ІАҚ құқықтары](#)
- [§ 7. ІАҚ жауапкершілігі, ІАҚ қызметін шектеу және бағалау](#)
- [§ 8. ІАҚ жұмысын жоспарлау және есептері](#)
- [§ 9. ІАҚ-нің органдармен, комитеттермен және бөлімшелермен өзара іс-қимылы](#)
- [§ 10. Қорытынды ережелер](#)
- [§ 1. Жалпы ережелер](#)
- [§ 2. Біліктілік талаптары](#)
- [§ 3. Лауазымдық міндеттер](#)
- [§ 4. Құқықтары мен өкілеттіктері](#)
- [§ 5. Жауапкершілік](#)
- [§ 6. Бірін-бірі алмастыру](#)
- [1-қосымша. Ішкі аудит қызметі бастығының лауазымдық нұсқаулығы](#)
- [2-қосымша. Бас аудитордың лауазымдық нұсқаулығы](#)
- [3-қосымша. Аудитордың лауазымдық нұсқаулығы](#)

§ 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ішкі аудит қызметі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ғы (бұдан әрі – «Қоғам») Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі - ІАҚ) мәртебесін, миссиясын, тапсырмаларын, функцияларын, міндеттерін, жауапкершілігі мен құқықтарын айқындайды, оның бастығының (бұдан әрі – ІАҚБ) және мүшелерінің (бұдан әрі бірге ІАҚ жұмыскерлері деп аталады) біліктілігіне, есептілікті қалыптастыруға қойылатын талаптарды белгілейді, сондай-ақ ІАҚ-нің Қоғамның өзге органдарымен және олардың комитеттерімен, Холдингпен, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен, филиалдарымен, еншілес ұйымдарымен (бар болса) және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған ұғымдармен, Ішкі аудиторлар институтының (The Institute of Internal Auditors)

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, отырыстың 2019 жылғы 3 қазандағы № 09/2019 хаттамасы) (26.08.2021 ж. өзгерістерімен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыстағы. Күні: 03.10.2019 ж.

ішкі аудитінің кәсіби практикасының халықаралық негіздерімен (бұдан әрі - ІАҚПХН), Қоғамның Жарғысымен және ішкі құжаттарымен бірдей.

3-тармаққа «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгертулер енгізілді, отырыстың 26.08.21 жылғы № 06/2021 хаттамасы (ескі редакциясына қараңыз)

3. ІАҚ - Қоғамның ішкі аудитті жүзеге асыратын органы (ІАҚПХН анықтамасына сәйкес) - ұйымның жұмысын жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру жөніндегі қызмет. Ішкі аудит тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару процестерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйеленген және дәйекті тәсілді пайдалана отырып, ұйымға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі.

4. ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Қоғам органдарының шешімдерін, осы Ережені және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын;

2) құрамдас элементтері ішкі аудиттің анықтамасы, миссиясы, кәсіби практикасының негізгі қағидаттары, ішкі аудиторлар әдеп кодексі (бұдан әрі - Әдеп кодексі), ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары (бұдан әрі - Стандарттар), сондай-ақ практикалық нұсқаулар мен оларға басшылық жасау болып табылатын ІАҚПХН басшылыққа алады.

5-тармақ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесі шешімінің редакциясында жазылған, отырыстың 26.08.21 жылғы № 06/2021 хаттамасы (ескі редакциясына қараңыз)

5. ІАҚ жұмыскерлерінің біліктілік талаптары, лауазымдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі осы Ережеге 1 - 3-қосымшаларға сәйкес лауазымдық нұсқаулықтармен белгіленеді.

6. Әлеуметтік қолдау, өтемақы төлемдері, ІАҚ жұмыскерлері үшін демалыстар мен жеңілдіктер төлеу Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. ІАҚ жұмыскерлерімен еңбек шартын Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Қоғамның атқарушы органының (бұдан әрі - Атқарушы орган) басшысы Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жасайды және бұзады.

§ 2. ІАҚ ұйымдық мәртебесі

8. ІАҚ Қоғамда ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесіне тікелей ұйымдық бағынысты және функционалдық есеп беретін болып табылады.

9. Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Аудит жөніндегі комитет) Аудит жөніндегі комитеттің қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес ІАҚ қызметіне жетекшілік етуді жүзеге асырады. Қоғамда Аудит жөніндегі комитет болмаған жағдайда оның функцияларын тікелей Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

10. Ішкі аудит қызметін ұйымдастыру мақсатында ІАҚ Атқарушы органға (ІАҚ жұмыскерлерінің тиісті еңбек жағдайларын, еңбекақы төлеуді қамтамасыз ететін, Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер, ІАҚ қызметіне қатысты тиісті өкімдер негізінде шығару; ІАҚ есептерін алу (Аудиторлық тапсырмаларды орындау нәтижелері бойынша аудиторлық есептер); еңбек тәртібінің сақталуын бақылау; іссапарға, демалысқа бұйрықтар ресімдеу, сондай-ақ осы Ережеге және Қоғамның басқа да нормативтік құжаттарына сәйкес ІАҚ мәртебесіне қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттер) әкімшілік тұрғысынан бағынады. Атқарушы орган ІАҚ тәуелсіздігі мен объективтілігіне ықпал ету үшін әкімшілік жетекшілік етуді пайдаланбауға тиіс.

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, отырыстың 2019 жылғы 3 қазандағы № 09/2019 хаттамасы) (26.08.2021 ж. өзгерістерімен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыстағы. Күні: 03.10.2019 ж.

11-тармаққа «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгертулер енгізілді, отырыстың 26.08.21 жылғы № 06/2021 хаттамасы (ескі редакциясына қараңыз)

11. Директорлар кеңесі ІАҚ құжаттарын (жобаларын) қарау нәтижелері бойынша және Аудит жөніндегі комитеттің олар бойынша тиісті ұсынымдарын ескере отырып, мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

1) ІАҚ туралы ережені және ІАҚ әдіснамалық құжаттарын (саясатын, қағидаларын, әдістемелерін, рәсімдерін) бекітеді;

2) аудит салаларының картасын бекітеді;

3) ІАҚ-нің жылдық аудиторлық жоспарын бекітеді;

4) ІАҚ қызметі туралы мерзімді (тоқсандық және жылдық) есептерді, ІАҚ қызметінің басқа мәселелері бойынша ақпаратты, оның ішінде Директорлар кеңесінің, Аудит жөніндегі комитеттің ІАҚБ-мен кездесулерінде (Атқарушы орган мүшелерінің қатысуынсыз) бекітеді, сондай-ақ ішкі аудиттің ұйымдық тәуелсіздігін жыл сайын растайды;

5) ішкі аудит қызметінің сапасын ішкі бағалау нәтижелері бойынша есепті бекітеді;

6) Атқарушы органнан және ІАҚБ-нан өкілеттіктерді шектеу немесе бюджеттік шектеулер туралы ІАҚ-нің өз функциялары мен міндеттерін орындау қабілетіне әсер етуі мүмкін ақпаратты сұратады;

7) ішкі аудит қызметтерін сыртқы берушілерді тартудың қажеттілігі туралы және жекелеген облыстар бойынша шешім қабылдайды;

8) ІАҚ жұмыс тәртібін, ІАҚ жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын, өкілеттік мерзімі мен ІАҚ сандық құрамын, ІАҚ жұмыскерлерінің өкілеттік мерзімін айқындайды.

Егер Директорлар кеңесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, ІАҚ жұмыскерлерінің өкілеттік мерзімі ІАҚ өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді.

ІАҚ басшысы мен жұмыскерлері Қордың ішкі құжатында белгіленген тәртіппен мерзімге тағайындалады.

9) ІАҚ жұмыскерлерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатады;

10) қызметтің түйінді көрсеткіштерін бекітеді;

11) ІАҚ жұмыскерлерін кәсіптік оқыту жоспарын бекітеді;

12) ІАҚ міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржылық қамтамасыз етуге, сондай-ақ ІАҚ жұмыскерлерін Қоғам және/немесе оның еншілес ұйымдары қызметінің аудит, ішкі бақылау және/немесе өзге де мәселелері бойынша оқытуға арналған ІАҚ бюджетін (жеке немесе Қоғамның жалпы бюджеті шеңберінде) бекітеді.

§ 3. ІАҚ миссиясы мен мақсаттары

12. ІАҚ миссиясы Директорлар кеңесі мен Атқарушы органға Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі олардың міндеттерін орындауда қажетті жәрдем көрсету қызметін көрсету болып табылады.

13. ІАҚ қызметінің негізгі мақсаты Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру және Директорлар кеңесіне Қоғам қызметін жетілдіруге және Қоғамды, оның ішінде Директорлар кеңесі белгілеген өкілеттіктерге және осы Ережеге сәйкес Қоғамдағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған тәуелсіз ақылға қонымды кепілдіктер мен консультациялар беру болып табылады.

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, отырыстың 2019 жылғы 3 қазандағы № 09/2019 хаттамасы) (26.08.2021 ж. өзгерістерімен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыстағы. Күні: 03.10.2019 ж.

14-тармаққа «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгертулер енгізілді, отырыстың 26.08.21 жылғы № 06/2021 хаттамасы (ескі редакциясына қараңыз)

14. ІАҚ мынадай салаларда ақылға қонымды кепілдіктер береді:

- 1) ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігі;
- 2) Қоғамның ішкі саясатының, құжаттары мен процестерінің тиімділігі;
- 3) пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің тиімділігі, қауіпсіздігі және сапасы.

15. ІАҚ тәуелсіз бағалауды жүзеге асыру, жүйелердің, процестер мен ақпараттың сенімділігі мен тиімділігі туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатында аудиторлық дәлелдемелерге объективті талдау жүргізеді.

16. ІАҚ өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды тиісінше орындау, объективті және әділ пікірлерді қамтамасыз ету мақсатында Атқарушы орган мүшелерінің және өзге де тұлғалардың ықпалынан тәуелсіз болуға тиіс.

17. Атқарушы орган мүшелерінің және өзге де адамдардың қатысушыларды (субъектілерді), аудиттің заттарын (объектілерін), көлемдері мен кезеңдерін айқындау, аудиторлық тапсырмаларды жоспарлау мен орындау, өз қызметінің нәтижелері туралы ІАҚ есептерін қалыптастыру және ұсыну процестеріне араласуына жол берілмейді.

18. Өз функцияларын орындау процесінде тәуелсіздік және объективтілік қағидаттарын сақтау мақсатында ІАҚ жұмыскерлері кейіннен ішкі аудитті жүзеге асыру кезінде тексерілуі (бағалануы) мүмкін қандай да бір қызмет түрлеріне тартылмауы және/немесе аудитке ұшырайтын кезең ішінде өздері жүзеге асырған процестердің (функциялардың) аудитімен айналыспауы тиіс. Консультациялық аудит сипаты объективтілікке әсер етпейтін, ал орындау үшін еңбек ресурстарын бөлу кезінде жеке объективтілікті қамтамасыз ету көзделген жағдайда, ІАҚ бұрын консультациялық аудит орындалған салаларда кепілдіктер беру жөніндегі аудиторлық тапсырмаларды орындай алады.

§ 4. ІАҚ міндеттері мен функциялары

19-тармаққа «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгертулер енгізілді, отырыстың 26.08.21 жылғы № 06/2021 хаттамасы (ескі редакциясына қараңыз)

19. ІАҚ негізгі міндеттері аудиторлық тапсырмалар мен консультациялар шеңберінде талдау және бағалау жүргізу болып табылады:

- 1) ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігі;
- 2) тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігі;
- 3) стандартты емес және төтенше жағдайлар туындаған жағдайда Қоғам қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге және (немесе) қызметін қалпына келтіруге бағытталған іс-қимыл жоспарына сәйкес стандартты емес және төтенше жағдайлар жағдайында қабылданған шараларды ескере отырып, дерекқордың тұтастығын бақылауды және оларды рұқсатсыз қол жеткізуден және (немесе) пайдаланудан қорғауды қоса алғанда, ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік жүйелерінің тиімділігі;
- 4) бухгалтерлік есеп жүйесінің дұрыстығы, толықтығы, объективтілігі мен сенімділігі және Қоғамның қаржылық есептілігі мен басқа да ақпаратының сенімділігі, сондай-ақ осындай ақпаратты (жоспарлар мен есептілікті) ішкі және сыртқы пайдаланушыларға сәйкестендіру, өлшеу, жіктеу және ұсыну үшін пайдаланылатын қағидаларды (қағидаттарды, әдістерді) бағалау;

5) ресурстарды және мүліктің (активтердің) сақталуын қамтамасыз етудің қолданылатын әдістерін (тәсілдерін) пайдаланудың ұтымдылығы мен тиімділігі;

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, отырыстың 2019 жылғы 3 қазандағы № 09/2019 хаттамасы) (26.08.2021 ж. өзгерістерімен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыстағы. Күні: 03.10.2019 ж.

6) жасалатын операциялар мен мәмілелердің экономикалық орындылығы мен тиімділігі;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның ішкі саясатының және өзге де құжаттарының талаптарын, сондай-ақ осы талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін құрылған және қолданылатын жүйелер мен рәсімдердің тиімділігін сақтау (комплаенс-бақылау);

8) Қоғам органдарының шешімдерін және уәкілетті (қадағалау) мемлекеттік органдардың нұсқамаларын (ұсыныстарын) орындау;

9) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері жүзеге асыратын бизнес-процестердің, Қоғамның стратегиялық мақсаттары шеңберінде олардың алдына қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін шаралардың жеткіліктілігі және/немесе тиімділігі;

10) корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігі және оны жетілдіру процесі, корпоративтік басқарудың қабылданған қағидаттарын, тиісті этикалық стандарттар мен құндылықтарды сақтау.

20. Негізгі міндеттерге сәйкес ІАҚ белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды орындайды:

1) жыл сайын Қоғамның тәуекелдерді басқару және/немесе тәуекелдерді дербес бағалау жүйесінің деректері негізінде алдағы күнтізбелік жылға Қоғамның тәуекелдерін, стратегиялық міндеттерін ескере отырып, Қоғам қызметінің ішкі аудитінің басымдықтарын айқындайтын жылдық аудиторлық жоспарды әзірлейді және оны Аудит жөніндегі комитет алдын ала қараған Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне ұсынады;

2) ІАҚ негізгі міндеттеріне сәйкес аудиторлық тапсырмаларды орындайды;

3) есепті кезеңнің (тоқсанның, жылдың) қорытындылары бойынша ұдайы Аудит жөніндегі комитет алдын ала қараған ІАҚ қызметі туралы есепті Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне ұсынады;

4) Қоғамның Холдингінің, сыртқы аудитордың және өзге де тексеруші мемлекеттік органдардың белгіленген тәртіппен қабылданған ұсынымдарын/нұсқамаларын орындауына мониторингті жүзеге асырады, сондай-ақ мерзімді есептер шеңберінде Директорлар кеңесіне түзету іс-шараларының орындалу барысы мен сапасы туралы ақпарат береді;

5) Қоғамның белгіленген тәртіппен берілген және қабылданған ІАҚ ұсынымдарын орындауына мониторингті жүзеге асырады, сондай-ақ мерзімдік есептер шеңберінде Директорлар кеңесіне (қажет болған жағдайда Басқармамен бірлесіп) жүргізілген аудиттердің нәтижелері бойынша және/немесе ІАҚ ұсынымдары бойынша Басқарма бекіткен түзету іс-шараларының (ескерту іс-әрекеттерінің) орындалу барысы мен сапасы туралы ақпаратты ұсынады;

6) ІАҚ құзыреті шегінде Холдингпен, сыртқы аудиторлармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды, ал қажет болған жағдайда сыртқы аудиторлар, тәуелсіз бағалаушылар және/немесе консультанттар жүргізетін аудит, бағалау, талдау процестеріне қатысады;

7) ішкі және сыртқы тексерулердің нәтижелерін қорытады және талдайды, ішкі бақылау жүйесін бағалау мақсатында тексеру барысында анықталған Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жұмысындағы бұзушылықтарды, қателерді және олқылықтарды жүйелейді;

8) алаяқтық жасау тәуекелдеріне және ұйымның алаяқтық тәуекелін қалай басқаратынына бағалау жүргізеді;

9) Стандарттар талаптарына және Холдинг талаптарына сәйкес ІАҚ қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды әзірлейді;

10) ІАҚ құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шағымдарды, хаттарды, өтініштерді қарайды;

11) өз құзыреті шегінде олардың нормативтік актілердің талаптарына сәйкестігін, көзделген ішкі бақылау рәсімдерінің орындылығын, жеткіліктілігі мен тиімділігін бағалау үшін ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын қарауға консультант ретінде қатысады (қажет болған жағдайда) (ІАҚ басқарушылық шешімдерді қабылдауды қоспағанда, ІАҚ-нің тәуелсіздігі мен объективтілігін сақтаған кезде ІАҚ консультациялық қызметтерді көрсетеді);

12) бақылау рәсімдерінің нәтижелері, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінде анықталған проблемалар, анықталған бұзушылықтар, кемшіліктер туралы, анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар туралы деректерді қамтитын бірыңғай базаны және/немесе ақпараттық жүйені жүргізуді қамтамасыз етеді;

13) Атқарушы органға ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару процестерін жетілдіру мәселелері бойынша консультациялар береді. ІАҚ консультациялық қызметтерді ІАҚ басқарушылық шешімдерді қабылдауды қоспағанда, ІАҚ-ның тәуелсіздігі мен объективтілігін сақтау кезінде бақылау рәсімдерінің нәтижелері негізінде көрсетеді;

14) ерекше жағдайларда Аудит жөніндегі комитеттің және/немесе Директорлар кеңесінің және/немесе Холдингтің тапсырмасы бойынша Қоғам және Қоғамның еншілес (өзге де тәуелді) ұйымдары қызметінің жекелеген аспектілеріне тақырыптық ішкі аудитті жүзеге асырады (болған жағдайда), сондай-ақ қызметтік тексерулерге, арнайы тексерулерге қатысады;

15) Атқарушы орган мүшелері қызметінің түйінді көрсеткіштерінің нақты мәндерінің дұрыстығын растайды;

16) ІАҚ жұмыскерлерін тұрақты кәсіптік оқыту және олардың біліктілігін арттыру жөнінде шаралар қабылдайды;

17) ІАҚ құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асырады.

§ 5. ІАҚ міндеттері

21. ІАҚ:

1) ІАҚ міндеттері мен функцияларын уақтылы және тиісті деңгейде орындауға;

2) аудиттелетін бизнес-процестер, жүйелер мен құжаттар туралы ақпаратты жинау, бағалау, талқылау және беру кезінде жұмысқа кәсіби көзқарас танытуға;

3) Қоғам басшыларына жүргізілген аудиттердің нәтижелері бойынша іс-шараларды (түзету қадамдарын) әзірлеуге жәрдем көрсетуге, сондай-ақ осы іс-шараларды орындаудағы прогресті қадағалауға;

4) ішкі аудитті жүзеге асыру және/немесе ІАҚ қызметін қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қоғамның бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасауға;

5) қажет болған жағдайда және/немесе мүмкіндігінше өз қызметін күштердің қайталануын болдырмау мақсатында және аудитке арналған шығындарды азайту үшін Қоғамның сыртқы аудиторының және комплаенс-бақылаушының қызметімен үйлестіруге;

6) алаяқтықты тергеуге жәрдемдесуге және Директорлар кеңесіне тергеу нәтижелері туралы хабарлауға;

7) Аудит жөніндегі комитеттің және/немесе Директорлар кеңесінің және/немесе Холдингтің сұрау салуы, тапсырмасы бойынша басқа да тапсырмаларды орындауға және басқа да жобаларға қатысуға;

8) Ішкі аудиттің сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасы шеңберінде мерзімді өзін-өзі бағалауды жүргізуге міндетті.

22. ІАҚ қызметін адалдық, объективтілік, құпиялылық және кәсіби құзыреттілік қағидаттарына негізделі отырып жүзеге асыруға тиіс.

ІАҚ жұмыскерлері өз жұмысында бейтарап және әділ болуы және мүдделер қақтығысына жол бермеуі тиіс.

23. ІАҚ жұмыскерлерінің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті (ұжымдық) білімі мен дағдылары болуы тиіс, оның ішінде алаяқтық тәуекелін және ұйымның осы тәуекелді қалай басқаратынын бағалау, өздерінің кәсіби білімдерін үнемі арттыру үшін жеткілікті білімі болуы тиіс.

24. ІАҚ қызметін жоспарлау және есептілікті ұсыну шарттары мен тәртібі осы Ережеде және Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін басқа да ішкі нормативтік құжаттарда белгіленеді.

§ 6. ІАҚ құқықтары

25. Негізгі міндеттер мен функциялардың орындалуын қамтамасыз ету үшін ІАҚ:

1) Қоғамның қызметі туралы кез келген активтерге, барлық құжаттарға, бухгалтерлік жазбаларға және кез келген басқа ақпаратқа, оның ішінде құпия мәліметтерге кедергісіз және толық қол жеткізуге, сондай-ақ деректерді енгізу және түзету құқығынсыз, пассивті қарау режимінде ақпараттық дерекқорларға, бағдарламалық қамтамасыз етуге кедергісіз және толық қол жеткізуге;

2) аудиторлық тапсырмаларды орындау барысында сұратылатын кез келген құжаттарды зерделеуге және бағалауға және осы құжаттарды және/немесе тиісті ақпаратты Аудит жөніндегі комитеттің, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберуге;

3) Холдингтің, Директорлар кеңесінің, Аудит жөніндегі комитеттің және өзге де комитеттердің қарауына шығарылатын материалдарды, оның ішінде құжаттардың жобаларын сұратуға және алуға, сондай-ақ Қоғамның кез келген органдарының, комитеттерінің, құрылымдық бөлімшелерінің және жұмыс топтарының кез келген хаттамаларын, құжаттарын алуға;

4) мүмкіндігінше қолда бар ресурстар және/немесе бюджет шеңберінде Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің, филиалдарының және/немесе еншілес ұйымдарының (бар болса) және/немесе Холдингтің жұмыскерлерінен қажетті көмек алуға;

5) мемлекеттік, қадағалау және уәкілетті органдардың барлық есептерін, Қоғамның қызметін немесе активтерін бағалау жөніндегі сыртқы (тәуелсіз) аудит нәтижелері туралы есептерді (хаттарды, басшылыққа ұсынымдарды қоса алғанда), сондай-ақ ұсынымдардың орындалуы мен Қоғамның тәуекелдерін басқару мониторингінің нәтижелері туралы есептерді алуға;

6) консультациялар өткізу, ІАҚ құзыретіне кіретін мәселелерді талқылау және/немесе шешу мақсатында Қоғам органдарының немесе олардың комитеттерінің мүшелеріне, Қоғамның кез келген құрылымдық бөлімшесінің немесе оның еншілес ұйымының жұмыскеріне (бар болса) тікелей және кедергісіз қол жеткізуге, сондай-ақ Холдингтің ішкі аудиторларымен, Қоғамның және оның филиалдарының сыртқы аудиторларымен еркін қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болуға;

7) қолданыстағы жүйелерді, процестерді, саясаттарды, құжаттарды, рәсімдерді, қызмет жүргізу әдістерін жақсарту жөніндегі кез келген ұсыныстарды, аудиторлық тапсырмаларды, жұмыстарды орындау үшін бөгде сарапшыларды тарту туралы ұсыныстарды Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге, сондай-ақ ішкі аудитті жүргізуге қатысты кез келген мәселелер бойынша олардың қарауына түсініктемелер шығаруға;

8) ІАҚ алған деректер, бағалау туралы аудит қатысушыларына және/немесе Қоғамның органдарына баяндауға және бұл ақпаратты ашуға;

9) жүргізілген аудиторлық тапсырманың нәтижелері бойынша аудитке қатысушылар қарауға тиіс ұсыныстарды және/немесе ұсынымдарды әзірлеуге;

10) Аудит жөніндегі комитеттің және Директорлар кеңесінің қарауына ІАҚ бюджетін қалыптастыруға және енгізуге;

11) ІАҚ қызметі мәселелері бойынша Қоғамның бағдарламалары мен жобаларын дайындауға және іске асыруға қатысуға, сондай-ақ Қоғам жұмыскерлерін оқыту және біліктілігін арттыру бағдарламаларына, ішкі аудиторларды сертификаттау бағдарламаларына қатысуға;

12) ұйымдық қызметтегі, ІАҚ штат санындағы, бизнес-процестердегі (операциялардағы, бағдарламалардағы, жоспарлардағы) және Қоғамның белгілі бір тәуекелдеріндегі және/немесе қолданылатын бақылауларындағы елеулі өзгерістерге байланысты ІАҚ жылдық аудиторлық жоспарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуді ұсынуға;

13) Директорлар кеңесіне ІАҚ сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, ІАҚ жұмыскерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін, ІАҚ жұмыс тәртібін, ІАҚ жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде ұсыныстар енгізуге;

14) ІАҚ құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің және/немесе Аудит комитетінің отырысын шақыруға бастамашылық етуге;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және осы Ережеге қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

26. Егер ІАҚ жұмыскерлерінің жекелеген аудиторлық тапсырмаларды орындау үшін жеткілікті (ұжымдық) білімі мен дағдылары болмаған жағдайда, ІАҚ белгіленген тәртіппен ішкі аудитте консультанттарды тартуды және/немесе аутсорсингті (ко-сорсингті) пайдалануды ұйымдастыруға құқылы.

27. ІАҚ Аудит жөніндегі комитетті және/немесе Директорлар кеңесін олардың осындай проблемаларды шешу және/немесе шектеулерді жою мақсатында ІАҚ-қа тәуелсіз, объективті, тиімді, уақтылы және/немесе толық көлемде қойылған міндеттерді орындауға кедергі келтіретін проблемалар, бұзушылықтар және/немесе шектеулер туралы хабардар етеді.

§ 7. ІАҚ жауапкершілігі, ІАҚ қызметін шектеу және бағалау

28. ІАҚ Директорлар кеңесінің алдында:

1) осы Ережеге, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес ІАҚ міндеттері мен функцияларын уақтылы және сапасыз орындамағаны үшін;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына, еңбек шарттарына және лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес өз міндеттерін орындамағаны үшін жауапты болады;

29. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүктелген лауазымдық міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін ІАҚ жұмыскерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген шарттарда және тәртіппен тәртіптік жазалар қолданылады.

30. ІАҚ жұмыскерлерінің материалдық жауапкершілігі, келтірілген зиянды немесе залалды өтеу тәртібі (ол болған жағдайда) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

31. ІАҚ жұмыскерлері Қоғамда осы Ережеге сәйкес ІАҚ қызметіне байланысты емес функционалдық міндеттерді орындамауы тиіс.

32. ІАҚ жұмыскерлері ІАҚ жұмыскерлерін бағалаудың әділдігіне нұқсан келтіруі мүмкін немесе осындай залал келтіруші ретінде қабылдануы мүмкін қандай да бір қызметке қатыспауға тиіс.

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, отырыстың 2019 жылғы 3 қазандағы № 09/2019 хаттамасы) (26.08.2021 ж. өзгерістерімен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыстағы. Күні: 03.10.2019 ж.

33. ІАҚ жұмыскерлері Қоғам құратын комитеттердің немесе өзге де жұмыс топтарының/комиссиялардың құрамына олардың мүшелері ретінде қол қою құқығымен енгізілмеуге тиіс. Осы жұмыс топтарының/комиссиялардың жұмысына ІАҚ жұмыскерлері (Аудит жөніндегі комитеттің/Директорлар кеңесінің келісімі бойынша) дауыс беру құқығынсыз консультанттар (сарапшылар) ретінде ғана тартылуы мүмкін.

34. ІАҚ қызметін бағалау ІАҚ қызметінің ішкі аудитті айқындауға, Стандарттарға және Әдеп кодексінә сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ ішкі аудиттің тиімділігі мен нәтижелілігін айқындау және қызметті жетілдіру үшін мүмкіндіктерді анықтау үшін жүзеге асырылады.

35. ІАҚ қызметіне бағалау жүргізудің тәртібі мен талаптары Стандарттардың талаптары ескеріле отырып, ішкі нормативтік құжаттармен белгіленеді.

36. ІАҚ Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынылатын өз қызметінің тиімділігі мен сапасын тұрақты (ішкі және сыртқы) бағалауды қамтамасыз етеді, бұл ретте:

1) ішкі бағалау (өзін-өзі бағалау) тұрақты негізде (есепті жылдың қорытындылары бойынша) ІАҚ дербес жүргізіледі, оны ІАҚ қызметінің нәтижелері туралы жылдық есеппен бір мезгілде Директорлар кеңесі бекітеді. Сыртқы бағалау жүргізу кезеңінде тиісті кезеңнің қорытындылары бойынша ішкі бағалау жүргізілмейді;

2) сыртқы бағалауды Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленген тәртіппен таңдалған сыртқы аудитор бес жылда кемінде бір рет жүргізеді, оның нәтижелері Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады.

§ 8. ІАҚ жұмысын жоспарлау және есептері

37. ІАҚ жұмысын жоспарлау:

1) алдағы есепті жылға арналған ІАҚ жұмыстарының жылдық аудиторлық жоспарын жасау;

2) ІАҚБ бекітетін әрбір жеке аудиторлық тапсырма бойынша аудиторлық тапсырманы, аудиторлық бағдарламаны жасау арқылы жүзеге асырылады.

38. Жыл сайын жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей ІАҚ Атқарушы орган алдын ала қарағаннан кейін Аудит жөніндегі комитеттің қарауына және Директорлар кеңесінің бекітуіне алдағы жылға арналған ІАҚ жылдық аудиторлық жоспарын ұсынады. ІАҚ бекітілген жылдық аудиторлық жоспардың орындалуын және осы Ережеде белгіленген мерзімде ІАҚ қызметінің нәтижелері туралы мерзімді есептер шеңберінде оның орындалуы туралы есептіліктің ұсынылуын қамтамасыз етеді.

39. ІАҚ жылдық аудиторлық жұмыс жоспары қажет болған жағдайда Аудит және/немесе ІАҚ комитетінің бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

40. ІАҚ-нің жылдық аудиторлық жоспары және/немесе оған өзгерістер Директорлар кеңесі бекіткеннен кейін Атқарушы органның басшысына Қоғам қызметін мәліметтер және/немесе жоспарлау, сондай-ақ қажет болған ерекше жағдайларда ішкі аудит қызметтерінің және/немесе Қоғамның еншілес ұйымдарының өзге де органдарының жұмыстарын жоспарлау үшін ұсынылуға жатады.

41. ІАҚ өз қызметінің нәтижелері бойынша мынадай есептерді қалыптастырады және ұсынады:

1) қызметтің нәтижелері туралы, оның ішінде жылдық аудиторлық жоспардың орындалуы бойынша ІАҚ-нің мерзімді (тоқсандық/жылдық) есептері;

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, отырыстың 2019 жылғы 3 қазандағы № 09/2019 хаттамасы) (26.08.2021 ж. өзгерістерімен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыстағы. Күні: 03.10.2019 ж.

2) ІАҚ жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес немесе Директорлар кеңесінің, Аудит жөніндегі комитеттің немесе Холдингтің арнайы тапсырмасы бойынша орындалған әрбір жеке аудиторлық тапсырма бойынша есеп.

42. Әрбір жеке аудиторлық тапсырма бойынша есептер және мерзімді есептер ішкі аудитті ұйымдастыру мәселелерін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жасалады.

43. Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес орындалған әрбір жеке аудиторлық тапсырма бойынша есеп аудитке қатысушыларға және олардың қызметіне жетекшілік ететін Қоғам басшыларына ұсынылуға жатады, содан кейін Басқарма хатшысына/корпоративтік хатшыға (тиісінше) отырыста қарау үшін:

1) Атқарушы органның - аудит объектісінің басшысы қол қойғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде жақын арадағы отырыста;

2) Аудит жөніндегі комитеттің - Атқарушы орган Басқарманың жақын арадағы отырысында қарағаннан кейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей (егер Атқарушы орган ІАҚ-нің мұндай есептерін бекітпеген/уақтылы қарамаған жағдайда, онда есептерді ІАҚ басшысы Атқарушы органның шешімінсіз Аудит жөніндегі комитеттің қарауына шығарады) жіберіледі.

44. Әрбір жеке аудиторлық тапсырма бойынша ІАҚ есебінің негізінде аудиторлық есептің жобасын алған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде аудит объектісі іс-шараларды, орындау мерзімдерін, жауапты орындаушыларды және нысандарды көрсете отырып, ІАҚ берген ұсынымдарды орындау бойынша түзету/ескерту іс-қимылдарының жоспарын әзірлейді. Түзету/ескерту әрекеттерінің келісілген жоспарларын аудит объектісінің басшылығы Атқарушы органның/Қоғамның Директорлар кеңесінің бекітуіне әрбір жеке аудиторлық тапсырма бойынша ІАҚ есептерін шығарумен бір мезгілде шығаруға тиіс.

45. Аудит объектісі жұмыскерлерінің заңсыз әрекеттерін (әрекетсіздігін) көрсететін әрбір жеке аудиторлық тапсырма бойынша есептер Аудит жөніндегі комитетке және Директорлар кеңесіне олар жүргізілгеннен кейін бірден ұсынылуы тиіс.

46. Ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, АТ/АҚ корпоративтік басқару және аудит жүйелерінің тиімділігін бағалау жөніндегі есептер Аудит жөніндегі комитет алдын ала мақұлдағаннан кейін Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынылады.

47. Аудит жөніндегі комитет алдын ала мақұлдағаннан кейін Директорлар кеңесі бекітетін АТ/АҚ ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару және аудит жүйелерінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша түзету/алдын алу іс-қимылдарының жоспарларын қоспағанда, аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша түзету/ескерту іс-қимылдарының жоспарларын Атқарушы органның орындауы бойынша бекітеді және бақылайды.

48. Аудитке қатысушылар ІАҚ-не ІАҚ-нің табулары/ұсынымдары бойынша орындалған іс-шаралар және/немесе аяқталу нысандары мен мерзімдерін көрсете отырып, ІАҚ-нің нақты тұжырымдарына/ұсынымдарына қатысты аудитке қатысушылар қабылдайтын түзету/ескерту іс-әрекеттері жоспарлары туралы мәліметтерді қамтитын есепті ұсынуы тиіс.

49-тармаққа «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгертулер енгізілді, отырыстың 26.08.21 жылғы № 06/2021 хаттамасы (ескі редакциясына қараңыз)

49. ІАҚ қызметінің нәтижелері туралы кезеңдік есептерді кейіннен Директорлар кеңесі мынадай мерзімдерде бекіте отырып, Аудит жөніндегі комитеттің қарауы үшін корпоративтік хатшыға ұсынады:

1) тоқсандық - есепті тоқсаннан кейінгі бірінші айдың 15-күніне дейін;

2) жылдық - есепті жылдан кейінгі екінші айдың 15-күніне дейін.

50. ІАҚ-нің мерзімді есебін Аудит жөніндегі комитет алдын ала мақұлдаған және Директорлар кеңесі бекіткен жағдайда, осындай қорытындылар және/немесе ұсынымдар бойынша аудиттің тиісті тексерілген қатысушыларының қызметіне жетекшілік ететін Қоғам басшылары жүргізілген аудиттердің нәтижелері бойынша іс-шараларды (түзету іс-әрекеттерін) әзірлеуді және орындауды қамтамасыз етуге тиіс (есепті Директорлар кеңесіне ұсынғанға дейін әзірленбеген жағдайда).

51. ІАҚ жүргізілген аудиттердің нәтижелері бойынша тиісті іс-шараларды (түзету іс-әрекеттерін) жүзеге асыру мониторингін жүргізуі тиіс (ІАҚ, Холдинг, сыртқы аудит және мемлекеттік органдар) және тоқсан сайын Аудит жөніндегі комитетке ІАҚ қызметінің нәтижелері туралы мерзімдік есептер шығарылғанға дейін мәлімет үшін Атқарушы органға отырысқа ұсынымдардың орындалу мониторингі бойынша есеп берсін, өйткені осы есеп Аудит жөніндегі комитетке және Директорлар кеңесіне ұсынылатын мерзімді есептердің бір бөлігі болып табылады.

§ 9. ІАҚ-нің органдармен, комитеттермен және бөлімшелермен өзара іс-қимылы

52. ІАҚБ Аудит жөніндегі комитетпен және Директорлар кеңесімен қарым-қатынасты қолдауға және тікелей өзара іс-қимыл жасауға тиіс.

53. ІАҚ-нің Атқарушы органмен қарым-қатынасы тәуелсіздік қағидатын негізге ала отырып құрылуы тиіс, өйткені ІАҚ-нің ұйымдық және функционалдық тәуелсіздігі деңгейі ІАҚ жұмыскерлерінің объективтілігіне тікелей әсер етеді.

54. Атқарушы орган:

1) Қоғамда ішкі аудиттің тиімді ортасын құруға ықпал етуге, ІАҚ-қа оның миссиясын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, ІАҚ құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуге;

2) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша белгіленген тәртіппен ішкі аудит саласында аутсорсингті (ко-сорсингті) пайдалануды қамтамасыз етуге;

3) жүргізілген аудиттердің нәтижелері бойынша түзету/алдын алу іс-әрекеттері жоспарларының орындалуы туралы есептілікті уақтылы әзірлеуді, бекітуді, бақылауды және ұсынуды, оның ішінде аудит процесіне қатысушылардың ІАҚ ұсынымдарын орындамағаны немесе уақтылы орындамағаны үшін дербес жауапкершілігін айқындау арқылы қамтамасыз етуге;

4) Директорлар кеңесі бекіткен, Аудит жөніндегі комитет алдын ала мақұлдаған бейінді бағдарламалар мен сертификаттар, іссапарлар бойынша ІАҚ жұмыскерлерін оқытуға байланысты шығындарды Қоғам бюджетіне енгізуді қамтамасыз етуге;

5) ІАҚ-ін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыруға тиіс.

55. ІАҚ-нің Қоғам бөлімшелерімен өзара іс-қимылы іскерлік және сенімгерлік ынтымақтастық, жұмыстағы өзара сыпайылық және дұрыстық негізінде құрылады.

56. Қоғам бөлімшелерінің жұмыскерлері онымен өз міндеттерін, функцияларын, міндеттері мен құқықтарын ұйымдастыру жөнінде ІАҚ-не жәрдем көрсетуге міндетті, ол өзгелермен қатар:

1) аудиторлық тексерулерді, ІАҚ міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен барлық ақпаратты жедел ұсыну;

2) аудит және консультациялар барысында анықталған фактілер мен олардың себептерін объективті және жедел талқылау;

3) туындайтын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу;

4) олардың қызметінің жекелеген аспектілері және ІАҚ мәселелері бойынша түзету/ескерту іс-әрекеттерінің жазбаша түсіндірмелерін және/немесе жоспарларын ұсыну болып табылады.

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, отырыстың 2019 жылғы 3 қазандағы № 09/2019 хаттамасы) (26.08.2021 ж. өзгерістерімен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыстағы. Күні: 03.10.2019 ж.

57. Негізгі міндеттері тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік даму болып табылатын Қоғамның бөлімшелері ІАҚ-ін есепті айда іске асырылған тәуекелдер туралы, күмәнді сипаты бар операциялар не мәмілелер туралы, жүргізілген тексерулер, корпоративтік оқиғалар және корпоративтік дамудың өзге де мәселелері туралы хабардар етуге міндетті.

§ 10. Қорытынды ережелер

58. Осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар ІАҚБ және/немесе Аудит жөніндегі комитеттің және/немесе Холдингінің бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен енгізілуі мүмкін.

59. Қоғамда ішкі аудитті жүзеге асырудың өзге де егжей-тегжейлі шарттары мен тәртібі (стандарттық рәсімдер, ІАҚ құжаттарының әдістемелері мен нысандары) Директорлар кеңесі бекітетін ішкі аудитті жүзеге асырудың тиісті қағидаларында айқындалады.

1-қосымшаға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгертулер енгізілді, отырыстың 26.08.21 жылғы № 06/2021 хаттамасы (ескі редакциясына қараңыз)

1-қосымша

Ішкі аудит қызметі бастығының лауазымдық нұсқаулығы

§ 1. Жалпы ережелер

1. Осы «_____» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Ішкі аудит қызметі бастығының лауазымдық нұсқаулығы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына, Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Ішкі аудит қызметінің бастығы (бұдан әрі - ІАҚБ) Қоғамның ішкі құжатына сәйкес конкурстық іріктеу негізінде қызметке тағайындалады және Аудит жөніндегі комитеттің ұсынысы (ұсынымы) бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен қызметінен мерзімінен бұрын босатылады.

ІАҚБ қызметіне жетекшілік етуді Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады.

3. Өзінің кәсіби қызметінде ІАҚБ Қазақстан Республикасының заңнамасын, ІАҚ туралы ережені, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын, осы лауазымдық нұсқаулықты және ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздерін (бұдан әрі - ІАҚПХН) басшылыққа алуға тиіс.

§ 2. Біліктілік талаптары

4. ІАҚБ мыналарға ие болуы тиіс:

1) бухгалтерлік есеп пен аудит және/немесе қаржы және/немесе экономика және/немесе құқық салаларындағы жоғары кәсіптік білімі;

2) ішкі аудит және/немесе бақылау және/немесе қаржы саласындағы жұмыс тәжірибесіне - кемінде бес жыл, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілері және/немесе лицензияланған қаржы ұйымдары болып табылатын ұйымдарда не Қазақстан

Республикасының мемлекеттік бақылаушы немесе қадағалау органдарында кемінде үш жыл;

3) бақылау немесе қаржы саласындағы басшы лауазымдағы жұмыс тәжірибесі - кемінде бес жыл;

4) ІАҚПХН, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау негіздерін білу;

5) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп, салық салу, акционерлік қоғамдар, еңбек, мемлекеттік мүлік, индустриялық-инновациялық қызмет және қаржы мәселелері бойынша білімдерін;

6) мемлекеттік тілді және ағылшын тілін білу (артықшылығы);

7) Ішкі аудиторлар институтының мынадай сертификаттарының бірі: CIA (Certified Internal Auditor); (Qualification in Internal Audit Leadership), (Certification in Control Self-Assessment), (Certified Financial Services Auditor), (Certified Government Auditing Professional) tification in Risk Management Assurance) немесе мемлекеттік аудитор біліктілігімен немесе кем дегенде (Internal Audit Practitioner) немесе DipCPIA (Сертификатталған қаржы менеджерлері институты (Ұлыбритания) шығарған). Бұл ретте CIA (Certified Internal Auditor) сертификаты бар кандидатқа басымдық беріледі;

8) аудит, тәуекелдерді басқару және бақылау/қаржы/құқық/АТ/АҚ және т.б. саласында өзге де кәсіби сертификаттардың болғаны дұрыс.

5. ІАҚБ лауазымына:

1) соңғы үш жыл ішінде Қоғамның және/немесе оның еншілес ұйымының құрылымдық бөлімшесінің басшысы және/немесе басшы жұмыскері болып табылатын тұлғаны;

2) экономикалық қызмет саласында жасалған қылмыстар үшін, мемлекеттік қызметтің немесе мемлекеттік басқарудың мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар, конституциялық құрылыс негіздеріне және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар үшін заңнамада белгіленген тәртіппен алынбаған немесе өтелмеген соттылығы бар тұлғаны тағайындауға рұқсат етілмейді.

§ 3. Лауазымдық міндеттері

6. ІАҚБ мынадай функцияларды орындайды:

1) ІАҚ қызметіне басшылықты жүзеге асыру;

2) ІАҚ жұмысын ұйымдастыруды, сондай-ақ ІАҚ-қа жүктелген міндеттер мен функцияларды ІАҚ туралы ережеге сәйкес орындауды қамтамасыз ету;

3) ішкі аудит және/немесе ІАҚ қызметі мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды мерзімді талдау және жаңарту;

4) оның мақсаттарына қол жеткізу үшін ІАҚ міндеттері мен функцияларының өзектілігін мерзімді бағалауды жүзеге асыру;

5) ІАҚ қызметіне тән тәуекелдерді бағалау және оларды басқару;

6) ІАҚ қызметінде Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен ішкі аудиттің бірыңғай базалық қағидаттары мен рәсімдерін қолдануды қамтамасыз ету;

7) ІАҚПХН сақталуын қамтамасыз ету;

8) ІАҚ жұмысында тиісті құпиялылық деңгейін қамтамасыз ету;

9) ішкі аудит жүргізудің белгіленген тәртібіне сәйкес ІАҚ қызметін жоспарлау және ІАҚ жылдық аудиторлық жоспарының орындалуын бақылау;

10) ішкі аудит жүргізудің белгіленген тәртібіне және ІАҚ туралы ережеге сәйкес Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің және/немесе бизнес-процестерінің, оның

филиалдары мен еншілес ұйымдарының (бар болса) жоспарлы және жоспардан тыс ішкі аудитін ұйымдастыру, қатысу және жүзеге асыруды бақылау;

11) аудиторлық тапсырмаларды орындауға қатысатын және жауапты ІАҚ жұмыскерлері мен жұмыс көлемін айқындау;

12) аудиторлық тапсырмаларды әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз ету;

13) аудиторлық анықтамаларды тиісінше құжаттауды қамтамасыз етуді, тексеру нәтижелері бойынша қорытындыларды ресімдеуді, тексеру барысында анықталған барлық елеулі фактілер мен кемшіліктерді көрсетуді, негізделген ұсынымдарды әзірлеуді бақылау;

14) Қоғам қызметінің барлық аспектілері бойынша ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;

15) аудиторлық тапсырмаларды ұйымдастыруға, жүргізуге және нәтижелеріне байланысты мәселелер бойынша құрылымдық бөлімшелердің басшылығымен және Қоғамның Атқарушы органымен өзара іс-қимыл жасау;

16) Қоғамның қаржылық есептілігінің аудиті бойынша сыртқы аудиторлар есептерінің жобаларын қарауға қатысу;

17) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің ішкі және сыртқы аудит нәтижелері бойынша ұсынымдарды, талаптарды, сондай-ақ өзге де қадағалау органдары тарапынан тексерулерді орындау мақсатында Қоғам жоспарлайтын және/немесе жүзеге асыратын іс-шаралар мониторингі;

18) Аудит жөніндегі комитетке, Қоғамның Директорлар кеңесіне есептерді және өзге де ақпаратты ұсынуды қамтамасыз ету;

19) мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу, сондай-ақ жұмыс тәжірибесімен алмасуды қамтамасыз ету мақсатында ІАҚ жұмыскерлерінің міндеттерін ротациялаудың орындылығына қарай жүргізу;

20) ІАҚ жұмыскерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

21) ІАҚ қызметінің тиімділігіне ішкі және сыртқы бағалау жүргізуді қамтамасыз ету;

22) Аудит жөніндегі комитеттің, Директорлар кеңесінің мүшелерімен, сыртқы аудиторлармен консультацияларға, талқылауларға, сондай-ақ ІАҚ құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің және/немесе Аудит жөніндегі комитеттің отырысын шақыруға бастамашылық ету;

23) Аудит жөніндегі комитетке, Директорлар кеңесіне ІАҚ жұмыскерлерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін және ІАҚ жұмыскерлерін тағайындау/ауыстыру, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ІАҚ жұмысының шарттары мен тәртібі, ІАҚ жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және өтемақы төлемдерінің мөлшері мен шарттары, ІАҚ ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу;

24) ұсынылған консультациялық қызметтер негізінде қабылданған басқару шешімдері үшін ІАҚ жауапкершілікті қабылдауды болдырмайтын ішкі аудит, сондай-ақ корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерін жетілдіру мәселелері бойынша консультация беру;

25) заңды және жеке тұлғалардың, мемлекеттік органдардың хаттары мен басқа да өтініштерін олар бойынша тиісті түсініктемелер дайындай отырып, ІАҚ құзыреті шегінде қарауды қамтамасыз ету;

26) қызметтік тексерулерге қатысу, ІАҚ туралы ережеде белгіленген тәртіппен арнайы тексерулер жүргізу;

27) жаңа өнімдерді немесе қызметтерді енгізу және осыған байланысты Қоғамның қосымша тәуекелдерін бағалау туралы мәселелерді талқылауға қатысу;

28) ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша халықаралық тәжірибені, сондай-ақ заңнамалық, реттеушілік, талдамалық құжаттарды, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына өзгерістерді зерделеу арқылы біліктілікті арттыру;

29) ІАҚ құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау және ІАҚ-қа Аудит жөніндегі комитет және/немесе Қоғамның Директорлар кеңесі жүктеген өзге де міндеттерді орындау.

§ 4. Құқықтары мен өкілеттіктері

7. ІАҚБ мынадай құқықтары мен өкілеттіктері бар:

1) ІАҚ құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің және/немесе Аудит жөніндегі комитеттің отырысын шақыруға бастамашылық ету;

2) тікелей және өз бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің мүшелерімен, Атқарушы органның мүшелерімен, Қоғамның өзге де жұмыскерлерімен және Қоғамның сыртқы аудиторларымен, консультанттарымен коммуникация;

3) ІАҚ жұмысын жетілдіру, жұмыс әдістерін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу;

4) Қоғамның Директорлар кеңесіне ІАҚ жұмыскерлерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, ІАҚ жұмыскерлерін тағайындау/ауыстыру, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ІАҚ жұмыскерлерін көтермелеу және жазалау туралы, ІАҚ жұмысының тәртібін, ІАҚ жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және өтемақы төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау, ІАҚ-ты ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізу;

5) тексерілетін құрылымдық бөлімшенің қызметіне байланысты, оның ішінде коммерциялық немесе өзге де құпиялары бар немесе құпиялылық режимі бар барлық қажетті құжаттарға қол жеткізу;

6) міндеттерді қою, жауапты жұмыскерлерді айқындау және ІАҚ жұмыскерлерінің ІАҚ құзыретіне жататын қойылған міндеттерді орындауын талап ету;

7) қаралатын мәселелерді шешудің заңды тәртібі туралы дәлелді бас тартуды және/немесе ұсыныстарды ұсына отырып, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қоғамның ішкі саясатына сәйкес келмеген жағдайда, ІАҚ-нің объективтілігі мен тәуелсіздігі қағидаттарын бұзу қатері болған жағдайда ішкі және басқа да құжаттарды қараудан, келісуден бас тарту;

8) Әдеп кодексімен, Қоғамның ішкі актілерін және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын жалпы қабылданған әдеп нормаларымен сәйкес келмейтін құқыққа қарсы қылықтар немесе қылықтар жасаудан бас тарту;

9) Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитет бекітуі тиіс ішкі құжаттарға жатпайтын ішкі аудит және/немесе ІАҚ қызметі мәселелері бойынша ішкі құжаттарды бекіту;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтар.

§ 5. Жауапкершілік

8. ІАҚБ:

1) осы лауазымдық нұсқаулыққа және еңбек шартына негізделген өз міндеттерін адал орындау;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, Қоғамның ІАҚ және оның жұмыскерлерінің қызметін реттейтін ішкі құжаттарының талаптарын орындау;

3) МОПП қағидаттары мен талаптарын сақтау;

4) аудиторлық тапсырмаларды сапалы орындау және консультациялық қызметтерді, сондай-ақ Холдингтің және/немесе Директорлар кеңесінің және/немесе Аудит жөніндегі комитеттің жекелеген тапсырмаларын толық көлемде және белгіленген мерзімде ұсыну;

5) аудит жүргізу кезеңінде орын алған ІАҚ қызметіне әсер ететін ішкі аудиторлар этикасы кодексіне және ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына (бар болса) сәйкес келмеу фактісі және оның салдары туралы уақтылы хабарлау;

6) банктік, қызметтік және/немесе коммерциялық құпияның жұмысында және сақталуында тиісті құпиялылықты қамтамасыз ету;

7) Қоғамға материалдық немесе өзге де залал келтіру;

8) еңбек тәртібін сақтау үшін жауапты болады.

§ 6. Өзара алмасушылық

9. ІАҚБ мен ІАҚ жұмыскері олардың біреуінің ауруы, іссапарда не демалыста болу себептері бойынша, сондай-ақ өзге де себептер бойынша уақытша болмаған кезеңде өзара алмасушылық қағидаты бойынша қызметті жүзеге асырады.

2-қосымшаға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгертулер енгізілді, отырыстың 26.08.21 жылғы № 06/2021 [хаттамасы \(ескі редакциясына қараңыз\)](#)

2-қосымша

Бас аудитордың лауазымдық нұсқаулығы

§ 1. Жалпы ережелер

1. Осы «_____» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Ішкі аудит қызметі бас аудиторының лауазымдық нұсқаулығы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына, Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Ішкі аудит қызметінің бас аудиторы (бұдан әрі - Бас аудитор) Қоғамның ішкі құжатына сәйкес конкурстық іріктеу негізінде қызметке тағайындалады және Аудит жөніндегі комитеттің ұсынысы (ұсынымы) бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен қызметінен мерзімінен бұрын босатылады.

Бас аудитор тікелей ІАҚ бастығына (бұдан әрі - ІАҚБ), Аудит жөніндегі комитетке және Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады.

3. Бас аудитор өзінің кәсіби қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, еңбек шартын, ІАҚ туралы ережені, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын, осы лауазымдық нұсқаулықты және ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздерін (бұдан әрі - ІАҚПХН) басшылыққа алуға тиіс.

§ 2. Біліктілік талаптары

4. Бас аудитор мыналарға ие болуы тиіс:

1) бухгалтерлік есеп пен аудит және/немесе қаржы және/немесе экономика, және/немесе ақпараттық технологиялар/ақпараттық қауіпсіздік және/немесе құқық саласындағы жоғары білімі;

2) аудит және/немесе бақылау, және/немесе бухгалтерлік есеп және/немесе қаржы, және/немесе ақпараттық технологиялар/ақпараттық қауіпсіздік немесе ақпараттық технологиялар аудиті, ақпараттық қауіпсіздік және/немесе құқық саласындағы жұмыс тәжірибесімен - кемінде үш жыл;

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, отырыстың 2019 жылғы 3 қазандағы № 09/2019 хаттамасы) (26.08.2021 ж. өзгерістерімен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыстағы. Күні: 03.10.2019 ж.

3) ІАҚПХН, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау негіздерін және/немесе COBIT (Control Objectives for Information and related Technology) /ISO/IEC (Information security management systems) АТ/АҚ басқарудың халықаралық стандарттарын білу;

4) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде аудиторлық қызмет, акционерлік қоғамдар, бухгалтерлік есеп және салық салу мәселелері бойынша білімдері;

5) тәуекелдерді басқарудың ішкі аудиті және/немесе есеп және қаржылық менеджмент және/немесе АТ/АҚ саласында кәсіби сертификаттың және/немесе біліктіліктің, немесе кем дегенде, ІАР (Internal Audit Practitioner) болуы;

6) мемлекеттік және ағылшын тілін білу (білгені жөн).

5. Бас аудитор лауазымына:

1) соңғы үш жыл ішінде Қоғамның және/немесе оның еншілес ұйымының құрылымдық бөлімшесінің басшысы және/немесе басшы жұмыскері болып табылатын тұлғаны;

2) экономикалық қызмет саласында жасалған қылмыстар үшін, мемлекеттік қызметтің немесе мемлекеттік басқарудың мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар, конституциялық құрылыс негіздеріне және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар үшін заңнамада белгіленген тәртіппен алынбаған немесе өтелмеген соттылығы бар тұлғаны тағайындауға рұқсат етілмейді.

§ 3. Лауазымдық міндеттері

6. Бас аудитор мынадай функцияларды орындайды:

1) ІАҚ жұмысына, сондай-ақ ІАҚ туралы ережеге сәйкес ІАҚ-қа жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қатысу;

2) ішкі аудит мәселелерін реттейтін Қоғамның ішкі құжаттарын әзірлеуге қатысу, сондай-ақ оларды мерзімді жаңарту;

3) ІАҚ қызметінде Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен (ұсынған) ішкі аудиттің бірыңғай базалық қағидаттары мен рәсімдерін қолдану;

4) ІАҚПХН сақтау;

5) жұмыстағы құпиялылық пен құпиялылықтың тиісті деңгейін қамтамасыз ету;

6) ІАҚ қызметіне тән тәуекелдерді басқару жөніндегі ұсыныстарды анықтау, бағалау және ІАҚБ қарауына ұсыну;

7) ішкі аудит жүргізудің белгіленген тәртібіне сәйкес ІАҚ қызметін жоспарлауға қатысу және ІАҚ жылдық аудиторлық жоспарын орындауға қатысу;

8) аудиторлық тапсырмалар мен бағдарламаларды әзірлеу;

9) Ішкі аудит жүргізудің белгіленген тәртібіне және ІАҚ туралы ережеге сәйкес Қоғамның және оның филиалдарының құрылымдық бөлімшелерінің және/немесе бизнес-процестерінің жоспарлы және жоспардан тыс ішкі аудитін жүзеге асыруға қатысу;

10) ішкі аудит нәтижелері бойынша есепті (анықтаманы) дайындау үшін жиынтық ақпаратты талдау;

11) күмәнді мәмілелер, сондай-ақ ұрлық пен теріс пайдаланудың салдарынан Қоғамға келтірілген залалдар туралы келіп түсетін ақпаратты талдау;

12) аудиторлық анықтамаларды тиісінше құжаттауды қамтамасыз ету, тексеру нәтижелері бойынша қорытындыларды ресімдеу, тексеру барысында анықталған барлық елеулі фактілер мен кемшіліктерді көрсету, негізделген ұсынымдарды әзірлеу;

13) Қоғам қызметінің барлық аспектілері бойынша ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;

14) Қоғамның қаржылық есептілігінің аудиті бойынша сыртқы аудиторлар есептерінің жобаларын қарауға қатысу;

15) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің ішкі және сыртқы аудит нәтижелері бойынша ұсынымдарды, талаптарды, сондай-ақ өзге де қадағалау органдары тарапынан тексерулерді орындау мақсатында Қоғам жоспарлайтын және/немесе жүзеге асыратын іс-шаралар мониторингі;

16) Аудит жөніндегі комитетке, Директорлар кеңесіне ұсыну үшін ақпарат дайындау;

17) жұмыскердің тиімділік карталарын (қызмет көрсеткіштерін) сапалы және уақтылы дайындауды және ІАҚБ ұсынуды қамтамасыз ету;

18) ұсынылған консультациялық қызметтер негізінде қабылданған басқару шешімдері үшін ІАҚ жауапкершілікті қабылдауды болдырмайтын ішкі аудит, сондай-ақ корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерін жетілдіру мәселелері бойынша консультация беру;

19) қызметтік тексерулерге қатысу, ІАҚ туралы ережеде белгіленген тәртіппен арнайы тексерулер жүргізу;

20) өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау үшін, оның ішінде ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша халықаралық тәжірибені, сондай-ақ заңнамалық, реттеушілік, талдамалық құжаттарды, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына өзгерістерді зерделеу жолымен өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру және Қоғамның ішкі рәсімдері мен құжаттарына өзгерістер енгізу жөнінде тиісті ұсыныстар шығару;

21) ІАҚ қызметін сипаттау бөлігінде әдіснамалық сипаттағы ішкі құжаттарды әзірлеу және келісуге қатысу және оларды ІАҚ қызметіне практикалық енгізу;

22) аудит жүргізу үшін сауалнамаларды, аудит тестілерін, басқа да материалдарды, сондай-ақ функционалдық міндеттерді іске асыру барысында ІАҚ қызметін сипаттайтын ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу;

23) лауазымдық міндеттеріне сәйкес ІАҚБ тапсырмасы бойынша өзге де міндеттерді орындау.

§ 4. Құқықтары мен өкілеттіктері

7. Бас аудитордың мынадай құқықтары мен өкілеттіктері бар:

1) ІАҚ жұмысын жетілдіру, жұмыс әдістерін жақсарту бойынша ұсыныстарды ІАҚБ қарауына енгізу;

2) қаралатын мәселелерді шешудің заңды тәртібі туралы дәлелді бас тартуды және/немесе ұсыныстарды ұсына отырып, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қоғамның ішкі саясатына сәйкес келмеген жағдайда, ІАҚ-нің объективтілігі мен тәуелсіздігі қағидаттарын бұзу қатері болған жағдайда ішкі және басқа да құжаттарды қараудан, келісуден бас тарту;

3) Әдеп кодексімен, Қоғамның ішкі актілерін және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын жалпы қабылданған әдеп нормаларымен сәйкес келмейтін құқыққа қарсы қылықтар немесе қылықтар жасаудан бас тарту;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтар.

8. Аудиторлық тапсырманы жүзеге асыру шеңберінде Бас аудитордың:

1) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде қажетті, оның ішінде коммерциялық немесе өзге де құпиясы бар немесе құпиялылық режимі бар ақпаратты талап етуге және алуға;

2) құндылықтардың, қатаң есептілік бланкілерінің, қоймалардағы материалдардың, негізгі құралдардың және Қоғамның өзге де активтерінің болуына байқау және тексеру жүргізуге;

3) берілген қарызды қамтамасыз ету үшін Қоғам қабылдаған мүліктің бар-жоғына, оның ішінде жергілікті жерге бару жолымен тексеру жүргізуге;

4) үшінші тұлғалармен жасалған шарттардың, Қоғамның құқық белгілейтін құжаттары мен өзге де құжаттарының түпнұсқаларына, Қоғамның ақпараттық жүйесіне, Қоғамның сақтау орындарына, қоймалары мен серверлік үй-жайларына қол жеткізуге;

5) Қоғамда сыртқы мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар жүргізген тексеру материалдарына қол жеткізуге;

6) лизингтегі активтерді, сатуға арналған активтерді және заңды және жеке тұлғаларға берілетін өзге де активтерді тексеруге;

7) Қоғам жұмыскерлерінен кез келген операцияны есепке алу мен жүргізудің мәні мен ерекшеліктеріне қатысты қажетті түсіндірмелерді (жазбаша немесе ауызша), талдамаларды, сондай-ақ Қоғам пайдаланатын кез келген ақпараттық жүйелерден, төлем жүйелері мен қауіпсіздік жүйелерінен деректерді сұратуға және алуға;

8) Қоғам жүзеге асыратын іс-әрекеттер мен операциялар Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына қаншалықты сәйкес келетіні туралы пікір шығаруға;

9) Қоғамның барлық құжаттарына (қағаз және электрондық жеткізгіштерде), оның ішінде Атқарушы органның, Директорлар кеңесінің және Қоғамның басқа да органдарының ішкі саясатын, стратегиясын, шешімдер қабылдау, мәмілелер жасау рәсімдерін, бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті дайындау стандарттарын айқындайтын шешімдеріне, сондай-ақ оның филиалдарын, өкілдіктерін және еншілес (өзге де тәуелді) ұйымдарын (бар болса) қоса алғанда, Қоғам жүргізетін операциялардың барлық түрлеріне рұқсат алуға;

10) тексеру кезеңінде Қоғамның тексерілетін құрылымдық бөлімшелерінің қоймасын, мұрағатын және басқа да қызметтік үй-жайларын (сақтау орындарын) олардағы құндылықтар мен құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету қажет болған жағдайда мөрлеуге;

11) егер тексеру барысында қолдан жасалған, жалған немесе өзге де теріс пайдаланулар табылса, жекелеген құжаттарды (істерде алып қою актісін және алып қойылған құжаттардың көшірмелерін қалдыра отырып) алып қоюға;

12) тексеруге жататын кез келген құжаттардан, оның ішінде электрондық жеткізгіштерден көшірмелерді алуға құқығы бар.

§ 5. Жауапкершілік

9. Бас аудитор:

1) еңбек шартымен және осы нұсқаулықпен келісілген өз міндеттерін адал орындау;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, Қоғамның ІАҚ және оның жұмыскерлерінің қызметін реттейтін ішкі құжаттарының талаптарын орындау;

3) МОПП қағидаттары мен талаптарын сақтау;

4) аудиторлық тапсырмаларды және консультациялық қызметтерді ұсынуды, сондай-ақ Холдингтің, Директорлар кеңесінің, Аудит жөніндегі комитеттің және/немесе ІАҚБ жекелеген тапсырмаларын толық көлемде және белгіленген мерзімде сапалы орындау;

5) банктік, қызметтік және/немесе коммерциялық құпияның жұмысында және сақталуында тиісті құпиялылықты қамтамасыз ету;

- б) аудит жүргізу процесінде қолжетімділік берілген құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;
- 7) Қоғамға материалдық немесе өзге де залал келтіру;
- 8) еңбек тәртібін сақтау үшін жауапты болады.

§ 6. Өзара алмасушылық

10. ІАҚБ және Бас аудитор олардың біреуінің ауру, іссапарда не демалыста болу себептері бойынша, сондай-ақ өзге де себептер бойынша уақытша болмаған кезеңде өзара алмасушылық қағидаты бойынша қызметті жүзеге асырады.

3-қосымшаға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгертулер енгізілді, отырыстың 26.08.21 жылғы № 06/2021 [хаттамасы](#) ([ескі редакциясына қараңыз](#))

3-қосымша

Аудитордың лауазымдық нұсқаулығы

§ 1. Жалпы ережелер

1. Осы «_____» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Ішкі аудит қызметі аудиторының лауазымдық нұсқаулығы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына, Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Ішкі аудит қызметінің аудиторы (бұдан әрі - Аудитор) Қоғамның ішкі құжатына сәйкес конкурстық іріктеу негізінде қызметке тағайындалады және Аудит жөніндегі комитеттің ұсынысы (ұсынымы) бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен қызметінен мерзімінен бұрын босатылады.

Аудитор тікелей ІАҚ бастығына (бұдан әрі - ІАҚБ), Аудит жөніндегі комитетке және Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады.

3. Аудитор өзінің кәсіби қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, еңбек шартын, ІАҚ туралы ережені, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын, осы лауазымдық нұсқаулықты және ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздерін (бұдан әрі - ІАҚПХН) басшылыққа алуға тиіс.

§ 2. Біліктілік талаптары

4. Аудитор мыналарға ие болуы тиіс:

1) бухгалтерлік есеп пен аудит және/немесе қаржы және/немесе экономика, және/немесе ақпараттық технологиялар/ақпараттық қауіпсіздік және/немесе құқық саласындағы жоғары білімі;

2) аудит және/немесе бақылау, және/немесе бухгалтерлік есеп және/немесе қаржы, және/немесе ақпараттық технологиялар/ақпараттық қауіпсіздік немесе ақпараттық технологиялар аудиті, ақпараттық қауіпсіздік және/немесе құқық саласындағы жұмыс тәжірибесімен - кемінде екі жыл;

3) ІАҚПХН және/немесе қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын және/немесе COBIT (Control Objectives for Information and related Technology) /ISO/IEC

(Information security management systems) АТ/АҚ басқарудың халықаралық стандарттарын білу;

4) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, оның ішінде аудиторлық қызмет, акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша білімі;

5) ішкі аудит және/немесе есепке алу мен қаржылық менеджменттің және/немесе АТ/АҚ саласындағы сертификаттың және/немесе біліктіліктің болғаны жөн;

6) мемлекеттік тілді білуі (білгені жөн).

5. Аудитор лауазымына:

1) соңғы үш жыл ішінде Қоғамның және/немесе оның филиалының құрылымдық бөлімшесінің басшысы және/немесе басшы жұмыскері болып табылатын тұлғаны;

2) экономикалық қызмет саласында жасалған қылмыстар үшін, мемлекеттік қызметтің немесе мемлекеттік басқарудың мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар, конституциялық құрылыс негіздеріне және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар үшін заңнамада белгіленген тәртіппен алынбаған немесе өтелмеген соттылығы бар тұлғаны тағайындауға жол берілмейді.

§ 3. Лауазымдық міндеттері

6. Аудитор мынадай функцияларды орындайды:

1) ІАҚ жұмысына, сондай-ақ ІАҚ туралы ережеге сәйкес ІАҚ-қа жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қатысу;

2) ішкі аудит мәселелерін реттейтін Қоғамның ішкі құжаттарын әзірлеуге қатысу, сондай-ақ оларды мерзімді жаңарту;

3) ІАҚ қызметінде Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен (ұсынған) ішкі аудиттің бірыңғай базалық қағидаттары мен рәсімдерін қолдану;

4) ІАҚПХН сақтау;

5) жұмыстағы құпиялылық пен құпиялылықтың тиісті деңгейін қамтамасыз ету;

6) ІАҚ қызметіне тән тәуекелдерді басқару жөніндегі ұсыныстарды анықтау, бағалау және ІАҚБ қарауына ұсыну;

7) ІАҚ жылдық аудиторлық жоспарын орындауға қатысу;

8) ішкі аудит жүргізудің белгіленген тәртібіне және ІАҚ туралы ережеге сәйкес Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің және/немесе оның еншілес ұйымдарының бизнес-процестерінің (бар болса) жоспарлы және жоспардан тыс ішкі аудитін жүзеге асыруға қатысу;

9) күмәнді мәмілелер, сондай-ақ ұрлық пен теріс пайдаланудың салдарынан Қоғамға келтірілген залалдар туралы келіп түсетін ақпаратты талдау;

10) аудиторлық анықтамаларды тиісінше құжаттауды қамтамасыз ету, тексеру нәтижелері бойынша қорытындыларды ресімдеу, тексеру барысында анықталған барлық елеулі фактілер мен кемшіліктерді көрсету, негізделген ұсынымдарды әзірлеу;

11) Қоғам қызметінің барлық аспектілері бойынша ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін бағалауды жүзеге асыруға қатысу;

12) Қоғамның қаржылық есептілігінің аудиті бойынша сыртқы аудиторлар есептерінің жобаларын қарауға қатысу;

13) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің ішкі және сыртқы аудит нәтижелері бойынша ұсынымдарды, талаптарды, сондай-ақ өзге де қадағалау органдары тарапынан тексерулерді орындау мақсатында Қоғам жоспарлайтын және/немесе жүзеге асыратын іс-шаралар мониторингі;

14) Аудит жөніндегі комитетке, Директорлар кеңесіне ұсыну үшін ақпарат дайындауға қатысу;

15) жұмыскердің тиімділік карталарын (қызмет көрсеткіштерін) сапалы және уақтылы дайындауды және ұсынуды қамтамасыз ету;

16) ұсынылған консультациялық қызметтер негізінде қабылданған басқару шешімдері үшін ІАҚ жауапкершілікті қабылдауды болдырмайтын ішкі аудит, сондай-ақ корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерін жетілдіру мәселелері бойынша консультация беру;

17) қызметтік тексерулерге қатысу, ІАҚ туралы ережеде белгіленген тәртіппен арнайы тексерулер жүргізу;

18) өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау үшін, оның ішінде ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша халықаралық тәжірибені, сондай-ақ заңнамалық, реттеушілік, талдамалық құжаттарды, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына өзгерістерді зерделеу жолымен өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру және Қоғамның ішкі рәсімдері мен құжаттарына өзгерістер енгізу жөнінде тиісті ұсыныстар шығару;

19) аудит жүргізу үшін сауалнамаларды, аудит тестілерін, басқа да материалдарды, сондай-ақ функционалды міндеттерді іске асыру барысында ІАҚ қызметін сипаттайтын ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу;

20) лауазымдық міндеттеріне сәйкес ІАҚБ тапсырмасы бойынша өзге де міндеттерді орындау.

§ 4. Құқықтары мен өкілеттіктері

7. Аудитордың мынадай құқықтары мен өкілеттіктері бар:

1) ІАҚ жұмысын жетілдіру, жұмыс әдістерін жақсарту бойынша ұсыныстарды ІАҚБ қарауына енгізу;

2) қаралатын мәселелерді шешудің заңды тәртібі туралы дәлелді бас тартуды және/немесе ұсыныстарды ұсына отырып, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қоғамның ішкі саясатына сәйкес келмеген жағдайда, ІАҚ-нің объективтілігі мен тәуелсіздігі қағидаттарын бұзу қатері болған жағдайда ішкі және басқа да құжаттарды қараудан, келісуден бас тарту;

3) Әдеп кодексімен, Қоғамның ішкі актілерін және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын жалпы қабылданған әдеп нормаларымен сәйкес келмейтін құқыққа қарсы қылықтар немесе қылықтар жасаудан бас тарту;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтар.

8. Аудиторлық тапсырманы жүзеге асыру шеңберінде Аудитордың:

1) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде қажетті, оның ішінде коммерциялық немесе өзге де құпиялары бар немесе құпиялылық режимі бар ақпаратты талап етуге және алуға;

2) құндылықтардың, қатаң есептілік бланкілерінің, қоймалардағы материалдардың, негізгі құралдардың және Қоғамның өзге де активтерінің болуына байқау және тексеру жүргізуге;

3) берілген қарызды қамтамасыз ету үшін Қоғам қабылдаған мүліктің бар-жоғына, оның ішінде жергілікті жерге бару жолымен тексеру жүргізуге;

4) үшінші тұлғалармен жасалған шарттардың, Қоғамның құқық белгілейтін құжаттары мен өзге де құжаттарының түпнұсқаларына, Қоғамның ақпараттық жүйесіне, Қоғамның сақтау орындарына, қоймалары мен серверлік үй-жайларына қол жеткізуге;

5) Қоғамда сыртқы мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар жүргізген тексеру материалдарына қол жеткізуге;

Құжат: «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже («Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, отырыстың 2019 жылғы 3 қазандағы № 09/2019 хаттамасы) (26.08.2021 ж. өзгерістерімен)

Құжаттың мәртебесі: қолданыстағы. Күні: 03.10.2019 ж.

6) лизингтегі активтерді, сатуға арналған активтерді және заңды және жеке тұлғаларға берілетін өзге де активтерді тексеруге;

7) Қоғам жұмыскерлерінен кез келген операцияны есепке алу мен жүргізудің мәні мен ерекшеліктеріне қатысты қажетті түсіндірмелерді (жазбаша немесе ауызша), талдамаларды, сондай-ақ Қоғам пайдаланатын кез келген ақпараттық жүйелерден, төлем жүйелері мен қауіпсіздік жүйелерінен деректерді сұратуға және алуға;

8) Қоғам жүзеге асыратын іс-әрекеттер мен операциялар Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына қаншалықты сәйкес келетіні туралы пікір шығаруға;

9) Қоғамның барлық құжаттарына (қағаз және электрондық жеткізгіштерде), оның ішінде Атқарушы органның, Директорлар кеңесінің және Қоғамның басқа да органдарының ішкі саясатын, стратегиясын, шешімдер қабылдау, мәмілелер жасау рәсімдерін, бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті дайындау стандарттарын айқындайтын шешімдеріне, сондай-ақ оның филиалдарын, өкілдіктерін және еншілес (өзге де тәуелді) ұйымдарын (бар болса) қоса алғанда, Қоғам жүргізетін операциялардың барлық түрлеріне рұқсат алуға;

10) тексеру кезеңінде Қоғамның тексерілетін құрылымдық бөлімшелерінің қоймасын, мұрағатын және басқа да қызметтік үй-жайларын (сақтау орындарын) олардағы құндылықтар мен құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету қажет болған жағдайда мөрлеуге;

11) егер тексеру барысында қолдан жасалған, жалған немесе өзге де теріс пайдаланулар табылса, жекелеген құжаттарды (істерде алып қою актісін және алып қойылған құжаттардың көшірмелерін қалдыра отырып) алып қоюға;

12) тексеруге жататын кез келген құжаттардан, оның ішінде электрондық жеткізгіштерден көшірмелерді алуға құқығы бар.

§ 5. Жауапкершілік

9. Аудитор:

1) еңбек шартымен және осы нұсқаулықпен келісілген өз міндеттерін адал орындау;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, Қоғамның ІАҚ және оның жұмыскерлерінің қызметін реттейтін ішкі құжаттарының талаптарын орындау;

3) МОПП қағидаттары мен талаптарын сақтау;

4) аудиторлық тапсырмаларды және консультациялық қызметтерді ұсынуды, сондай-ақ Холдингтің, Директорлар кеңесінің, Аудит жөніндегі комитеттің және/немесе ІАҚБ жекелеген тапсырмаларын толық көлемде және белгіленген мерзімде сапалы орындау;

5) банктік, қызметтік және/немесе коммерциялық құпияның жұмысында және сақталуында тиісті құпиялылықты қамтамасыз ету;

6) аудит жүргізу процесінде қолжетімділік берілген құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;

7) Қоғамға материалдық немесе өзге де залал келтіру;

8) еңбек тәртібін сақтау үшін жауапты болады.